

# С.ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ ПАВЛОДАР ОБЛЫСТЫҚ КІТАПХАНАСЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ ШОЛПАН ШАХМЕТОВА: «КІТАПХАНА ІСІНЕ ІЗДЕНІС ПЕН ҰТҚЫРЛЫҚ ҚАЖЕТ»

- Шолпан Баянқызы, рух дүниесінің негізгі орталығы саналатын облыстық кітапхана өткен жылды қалай қорытындылады?

- Өткен 2018 жыл С.Торайғыров атындағы облыстық кітапхана үшін де, сонымен қатар өңіріміздегі барлық кітапханалар жүйесі үшін де жемісті болды. Біздің барлық жұмысымыз Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: Болашаққа бағдар» мақаласы негізінде өміршең болған «Рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында өрбіді.

Облыстың бірқатар кітапханасы жанынан заманауи үрдістің бірі саналатын «Коворкинг» орталықтар ашылды. Негізінен еліміз бойынша коворкинг орталықтары саны жағынан біздің өңір өзгелерден алда тұр. Біздің облыста қазіргі уақытта 25 орталық жұмыс істейді. Солардың қатарында ауылдық елді мекендердегі кітапханалар да қалыс қалған жоқ. Оқырман қауым бұл үрдісті жылы қабылдап, жоғары бағаларын беріп отыр. Мұндай орталықтарда, әсіресе, жастар топтасып келіп, қызықты кітаптар туралы әңгіме өрбітіп, кітап оқып, фильмдер көріп, түрлі акцияларға, кездесулер мен кештерге, зияткерлік ойындарға белсене қатысады. Бір сөзбен айтқанда, коворкинг орталықтары – оқырманның бүгінгі талабы мен талғамын толықтай қанағаттандырып, өзін-өзі дамытуға барынша ықпал етуде. Қысқасы, коворкингтік жаңашылдыққа деген ықылас артып отыр.

Кітапханамызға Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев арнайы келіп, жұмысымызбен, кітапханалар жүйесіндегі жаңашылдықтармен, заманауи ақпараттық технологиялармен танысып қана қоймай, материалдық тұрғыда көмек көрсетілуіне де мұрындық болғанын мақтанышпен айтамыз.



Гимараттың сыртқы келбетіне күрделі жөндеу жүргізіліп, қазіргі уақытта көз тартар кейіпке енген.

Жаңа заманғы үрдістің бірі – инсталляция. Бүгінде бұл жаңашылдық та кең қанат жайып, оқырманымызбен байланыстың жаңаша қырынан өрістеуіне жол ашып отырғанын айтуға тиіспіз. Былтырөңірімізде үшінші мәрте ұйымдастырылған «Ұлы дала этнофестивалінде» біздің кітапхана Елбасымыздың «Тәуелсіздік дәуірі» атты кітабы бойынша инсталляция жасады. Қызықтай келген, жаңаша мағлұмат алған оқырман өте көп болды. Сонымен қатар, облыстағы тағы 13 кітапханада инсталляция оқырман назарына ұсынылды. Тәуелсіздігіміздің энциклопедиясы іспетті «Тәуелсіздік дәуірі» кітабы елімізде орын алған маңызды оқиғаларды жан-жақты қамтыған. Сондықтан да туындының маңызы жоғары, құндылығы өлшеусіз. Кітап этнофестиваль кезінде үлкен сұранысқа ие болды, қазіргі уақытта да қызығушылық арта түсіп отыр.

Біздің кітапхана жыл белгілі бір тақырып бойынша библиотүн шарасын өткізеді. Кешкі сағат 18.00-ден бастап 24.00-ге дейін оқырмандар үшін оннан астам арнайы алаң ұйымдастыралады. Түрлі тақырыптар бойынша ойындар, музыкалық қойылымдар мен викториналар өткізіледі. Былтырғы жылы мұндай шаралардың қатарына «Әдеби караоке» қосылды. Мұнда әр оқырман өзінің сүйікті әңгімесін немесе өлеңін музыкамен әрлендіруге мүмкіндік алды. Тікелей араласқан адам мұның қаншалықты қызықты, әсерлі екенін тереңнен сезіне алады.

Кітапханамызға тұрақты қатынайтын, іс-шараларға келетін, белсене араласатын жұртшылықтың қатары артқаны да қуантады. Әсіресе, жас оқырмандарымыздың саны көбейді. Мұның өзі жастардың аса құнды байлық, өмірлік азық кітапқа, оны оқуға деген құлшынысы мен ұмтылысының құлдырамағанын аңғартады.

### **- Биылға жоспарлаған маңыздылары деп қайсыларын атар едіңіз?**

- Мемлекетіміздің басшысы биылғы жылды «Жастар жылы» деп жариялағаны, жуырда ресми түрде бұл жылдың тұсауын да кескені белгілі. Сондықтан да біздің биылғы маңызды жұмысымыздың бірі «Жастар – Қазақстанның стратегиялық ресурсы» атты кітап көрмесінің тұсаукесерімен басталды. Сонымен бірге, жыл сайынғы қаңтар айында ақын-жазушылардың шығармашылығына арналған кездесулерді биыл да жолға қойдық. «Қаңтар кездесулері» деп аталатын бұл шараның оқырман мен авторлар үшін, олардың өзара байланысы үшін маңызы жоғары.





Сондай-ақ, осы жылы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы негізінде ауқымды екі жобаны жүзеге асырудамыз. Кітапханашылардың, музей, архив қызметкерлерінің және ғалымдардың қатысуымен ғылыми-тәжірибелік конференция өткізуді жоспарлап қойдық. Мұнда жергілікті ғалымдар, әдебиеттанушы мамандар Ұлы даланың жеті қырын сипаттайтын баяндамалар жасайды.

Интернет кеңістігінде «Павлодар облысының ғалымдары» атты жоба да қолға алынып отыр. Қазір осы жоба бойынша материалдар, мәліметтер мен деректер жинастырылуда. Біз осы жұмысқа жан-жақты назар аудармақпыз.

Алдағы сәуір айында кітап фестивалін өткізу жоспарланған. Бұған оқырмандар, қаламгерлер, кітап басу ісімен айналысатын ұйымдардың және кітап дүкендерінің өкілдері қатысады. Басты тақырып – қазіргі уақытта шығарылып жатқан кітаптар және олардың сапасы мен сұранысы.

**- Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асырудың маңыздылығын атап көрсетті. Бүгінгі күні кітапханаларды цифрландыруды қолға алынып жатқаны, мұның мақсаты - оқырмандарға кітаптарды электронды нұсқада ұсыну екені мәлім. Бұл мәселе туралы не айтасыз?**

- Біз цифрландыру жүйесіне сатылап өтіп жатырмыз. Өзіңіз де атап өткендей, кітаптарды оқырмандарға заман талабына сай электронды форматта да ұсынамыз. Қазіргі уақытта электронды кітаптарға деген сұраныс өте жоғары. Өзіміздің өңірімізден шыққан ақын-жазушылардың, ғалымдардың, өлкетанушылардың кітаптарын электронды нұсқада жасап, оқырманға жаңа жүйеде ұсыну қолға алынған. Сайып келгенде, негізгі мақсат - жұртшылықты кітап оқуға тарту. Электронды



кітаптың тиімділігі зор, әрине. Мәліметті тез арада таба аласыз, жолсапарда жүргенде мәтінді аудиожазба нұсқасы бойынша тыңдай аласыз. Әлбетте, электронды кітап оқудың көру қабілетіне келтірер зияны да болуы мүмкін.

С.Торайғыров атындағы кітапханада осыдан 3 жыл бұрын цифрландыру орталығы ашылды. Қазіргі таңда жергілікті авторлардың 3000-ға жуық кітабын цифрлық жүйеге өткіздік. Бұл жүйеге енгізілген кітаптарды кітапханаға келіп жатпай-ақ, кез келген жерде интернет арқылы жүктөп алып, оқи беруге болады.

**- Бүгінгі жастардың арасында сұранысы жоғары кітаптар бар ма, қай жанр алда тұр деп айтар едіңіз?**

- Қуантары - жастар кітапханаларға көп келеді, яғни кітап оқуға деген құлшыныс жақсара түсуде. Кітапханамызда балалар әдебиеті бөлімі қызмет көрсетеді. Сондықтан да біз балабақшалармен, мектептермен тығыз әрі тұрақты қарым-қатынас орнатып, белсенді жұмыс жасаймыз. Біздің мақсатымыз - жасөспірімдердің кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру. Қазақ көркем әдебиетін алсақ, жастар арасында тарихи прозаға деген ықылас жоғары. Авторлар арасында І.Есенберлиннің, Б.Момышұлының, М.Мақатаевтың, Ә.Нұршайықовтың, Ә.Нұрпейісовтің, Ф.Оңғарсынованың, Ұ.Есдәулеттің шығармаларын жастар ерекше қызыға оқиды. Шетел әдебиетінен Николас Спарк, Рэй Брэдбери, Эрик Мария Ремарк, Бенджаллин Баттон, сонымен бірге, «Женские романы», «Детектив», «Фантастика» тақырыбында жазылған кітаптар жақсы сұраныста.



**- Кітапханада көне кітаптар қаншалықты көп?**

- Көне кітаптардың саны 3000-ға жуық. Олардың дені - қазақ, орыс, шет тілдеріндегі көркем әдебиеттер. Жалпы, 1960 жылға дейін шыққан кітаптар көне кітаптар деп есептеледі. Біздің қорымыздағы ең көне жинақ - 1777 жылы Парижде жарық көрген Джонд Толандтың «Назириянин или христианство иудеев, язычников и магометан» атты діни тақырыптағы арналған кітабы. Ал, сирек кітаптар қорынан Г.Н.Потаниннің 1888 жыл шыққан «Очерки Северо-Западной Монголии» атты кітабын атауға болады. Міржақып Дулатовтың 1925 жылы шыққан «Задачник» атты араб тілінде жазылған кітабы және 1940 жылы шыққан «Тарту» атты жинағы біздің кітапхана қорымызда сақтаулы.

**- Сіздің ойыңызша, болашақта қоғам үшін кітапхананың және кітапханашының рөлі қандай болмақ?**

- Қазір кітапхана мен кітапханашының қызметі туралы көп әңгіме айтылып, талқыланып жүр. «Нұр Отан» партиясының жобасында кітапханаларды жаңғыртып, білім орталықтарын жасаймыз деген ұсыныстар да айтылуда. Менің ойымша, кітапханашының рөлі әрдайым ерекше, өйткені, біз оқудан тыс рухани-патриоттық тәрбие беруге күш салып, жастарды кітап оқуға баулимыз, оқырмандармен көптеген іс-шара өткіземіз. Оның барлығы оңай жұмыс емес, шығармашылық ізденісті, белсенділікті, ұтқырлықты қажет етеді. Кітап бар жерде, оқырман көп ортада кітапхана бар, кітапханашылар да бар. Кітап – қай дәуірде болсын аса құнды рухани азық. Ешқашан осы миссиясынан ажырамайды деп білемін.

**- Әңгімеңізге рақмет! Жұмыстарыңыз жемісті бола берсін!**

*Әңгімелескен – Әйгерім СОЛТАН*

